



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

6. www.adilet.zan.kz - «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)» (01.01.2018ж. өзгертулер мен толықтырулар)
7. Жақыпбеков Д.С., Кәсіпорынның есеп және салық саясаты (кескіндер мен кестелерде) оқу құралы. Алматы: Экономика, 2013ж. – 358 бет.
8. Құлпыбаев С. Қаржы: Оқулық / С. Құлпыбаев, С.Ж. Ынтықбаева, В.Д. Мельников – Алматы: Экономика, 2015. – 784б.
9. Айдаров Д.Б. Теоретические аспекты совершенствования подоходного налога в РК / Налоговый эксперт.-2012 ж.-К9-12.-140 стр.
10. Ермекбаева Б.Ж. «Вопросы совершенствования налогообложения предпринимателей», Налоговый эксперт, 2014– № 6 серия экономическая.

УДК 346.18

ҚАЗАҚСТАНДА ТУРИЗМ БИЗНЕСІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ОЛАРДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІНЕ ҚАРАЙ ЕСЕП САЯСАТЫҢ ТАҢДАУДАҒЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

Набат Досбол Турсынбекұлы

dosbol.nabat@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ экономика факультетінің 3 курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Н.Н.Таштанова

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2018 жылғы 10 қаңтардағы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Бүгінде әлемдегі әрбір оныншы жұмыс орнын ашып отырған сырттан келушілер туризмі мен ішкі туризм кез келген өңір үшін перспективалық табыс көздерінің бірі болып саналады. Үкімет виза мәселелерін жеңілдетуді, инфрақұрылымды дамытуды және туризм саласындағы кедергілерді алып тастауды қамтитын кешенді шаралар қабылдауы керек» екендігін атап көрсеткен болатын [1].

Жеті кластерлік бастаманың ішінде туристік индустрияның экономиканың басым секторларының бірі ретінде танылуы оны дамытуға жаңа мүмкіндік берді. Қазақстан Республикасы Үкіметінің туризм саласындағы белгілеген барынша маңызды міндеттерінің бірі - Қазақстанды Орталық Азиялық өңірдегі туризм орталығына айналдыру.

Нарықтық экономиканың дамуымен Қазақстанда туристік бизнес белсенді қалыптасып, даму үстінде. Басқарудың заманауи шарттарында туризм әлемнің көптеген мемлекеттері мен аймақтарының саясатына және әлем тәртібіне әсер ететін терең әлеуметтік-экономикалық және саяси құбылысқа айналды. Халық шаруашылығының ең серпінді «қызмет көрсету» салаларының бірі туризм болып табылады. Дүниежүзілік туристік ұйымның (ДТҰ) болжамдарына сәйкес, 2015 жылға қарай халықаралық туристік сапарлардың саны 937 миллион, ал туризмнің табысы 1,1 трлн. АҚШ долларын құраған. Халықаралық туризмнің үлесі әлемдегі экспорттың шамамен 7%-ын құрайды, яғни туристік қызметтер экспорты есебінен түсетін кірістердің көлемі мұнай, мұнай өнімдері мен автомобильдерді экспорттаудан түсетін табыстардан кейінгі үшінші орын алады.

Туризмді дамыту мәселесі елімізде үлкен маңызға ие. Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев пен ел Үкіметі туристік қызметті дамыту мәселелеріне қазіргі кезеңдегі мемлекеттік саясаттың маңызды міндеттерінің бірі ретінде үнемі көңіл бөлуде. «Қазақстан Республикасындағы туристік қызмет туралы» Заңына сәйкес, туризм экономиканың жақын арада көпкірісті және мемлекет бюджетіне айтарлықтай кіріс алып келетін, әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешетін құралдардың бірі болатын сала ретінде айқындалған [2].


Қазақстандағы туризмді дамытудың басты мақсаты қазіргі заманғы жоғары тиімді және бәсекеге қабілетті туристік кешенді құру болып табылады, оның негізінде экономиканың саласы ретінде саланы дамытуға, әлемдік туристік нарыққа интеграциялауға

және туризм саласындағы одан әрі халықаралық ынтымақтастықты дамытуға жағдай жасалатын болады.

Қазақстан Республикасының туризм индустриясының дамуына әсер ететін көрсеткіштер:

- еліміздің қолайлы геосаяси жағдайы. Батыс пен Шығыс аралығындағы халықаралық туристік және коммерциялық ағымдардың өсуі;
- саяси тұрақтылық, демократиялық қайта құру, экономикалық реформаның және инвестициялық ахуалдың тұрақтылығы мен ашықтығы;
- туристік-рекреациялық аймақтардың болуы, табиғи ландшафтар, өсімдік, жануарлар дүниесінің ерекшелігі, экзотикалық тур, балық аулау, аң аулау, өсімдіктер жинау;
- бос еңбек ресурстарының болуы (мамандар) [3].

ҚР Ұлттық экономика Министрлігінің Статистика комитетінің деректері бойынша туристік индустриясында орындалған жұмыстар көлемі, сондай-ақ табыстары жылдан жылға өсіп келеді.



Сурет 1 – Қазақстан Республикасының 2011-2015 жылдар аралығындағы кірістер (млн. теңге) [4]

1 суретте көріп отырғандай 2011 жылы туризм сферасында өнімдерді сату мен қызмет көрсетуден түскен кіріс сомасы 126910,4 млн. теңге, ал есеп беру 2015 жылы 212820,0 млн.теңгеге жеткен. Яғни оның сомасы +85909,6 млн, теңге (212820,0-126910,4) немесе 67,7% -ға көбейген.

Статистика ақпаратына сүйене отырып төмендегі кестеде елімізде 2016 жылы туризм түрлері бойынша қызмет көрсетілген келушілер санын қарастырайық.

Кесте 1 - 2016 жылғы Қазақстан Республикасындағы туризм түрлері бойынша қызмет көрсетілген келушілер саны (мың адам)

Көрсеткіштер	Шығу	Кіру	Ішкі
Барлығы	9755,6	6509,4	4645
онда:			
- орналастыруорындарымен	-	722,5	3495,3
- санаториялық-курорттық ұйымдармен	-	2,6	310,4
- ерекше қорғалатын табиғи аумақтармен	-	351,6	840,2
Ескерту - кесте статистикалық мәліметтер негізінде автормен құрастырылған[4]			

Кестеде көріп отырғандай бір жылдың ішінде туристер 9755,6 мың адам шықса, 6509,4 мың адам кіріп отыр. Оларға қызмет көрсету барысында ең көп қызмет ішкі туризм саласында болған. Денсаулық түзету мақсатымен 310,4 мың адам ішкі келушілерге қызмет көрсетілген.

Туристік қызметтің белсенді қарқынмен дамуы үлкен көлемде қаржылық түсімдердің түсуіне, экономиканың басқа да секторларына белсенді септігін тигізеді, ал ол өз кезегінде туристік индустрияның қалыптасуына әсер етеді. Туризм экономиканың құрылыс, көлік, байланыс, сауда және халықтың тұтыну тауарларының өндірісі, ауыл шаруашылығы сияқты салаларына әсер ете отырып, елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының маңызды рөлін орындайды.

«Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Президент Жарлығының жобасына сәйкес, туризмді мемлекеттік қолдау-осы саланы тиімді дамытудың қажетті шарты болып табылады [5]. Халықаралық тәжірибе туристік инфрақұрылымды дамыту үшін жағдайлар жасау, жеке меншік инвесторларды тарту, туристік индустрия субъектілерінің қызметі үшін қолайлы экономикалық жағдайларды қамтамасыз ететін нормативтік-құқықтық базаны қалыптастыруға бағытталған мемлекеттің белсенді саясаты туристік саланың елдің әлеуметтік-экономикалық дамуында маңызды орын алуына мүмкіндік беретінін көрсетіп отыр, әлемдік тәжірибе туризмді белсенді дамытатын елдер өз азаматтарын сапалы туристік қызметпен қамтамасыз ете отырып, бюджет қаражатының едәуір көлемін ұлттық жобалар мен бағдарламаларды іске асыруға жұмсайтынын айғақтап отыр.

Туристік ұйымдардың қызмет тиімділігін басқарушылық шешімдерді қабылдау үшін маңызды ақпарат көзі болып табылатын бухгалтерлік есептің нақты ұйымдастырылуынсыз елестету мүмкін емес.

Нарықтық экономика жағдайында басқару әдістерін жетілдіру аса маңызды болып келеді және ақпараттың тиімділігі мен сенімділігі дәрежесіне жоғары сұраныс бар. Бұл мәселені шешуде ерекше рөлді басқару шешімдерін қабылдау үшін негізгі ақпарат көзі ретінде есептелетін бухгалтерлік есеп алады.

Бухгалтерлік есеп - бұл шаруашылық қызмет және шешім қабылдаушылар арасындағы негізгі байланыс болып табылады. Бухгалтерлік есеп шаруашылық жүргізуші субъектінің мүлкін, міндеттемелерін және экономикалық мәмілелерін бағалауда ақпаратты бақылау, өлшеу, есепке алу, өңдеу және ақпарат алу жүйесін көрсетеді. Бұл анықтама бухгалтерлік есептік негізгі кезеңдерді сипаттайды.

Туристік компания айналысатын қызметтің алуан түрлілігі бухгалтерлік есептің әр түрлі әдістері мен тәсілдерін қолдануды және бизнес-операцияларды көрсетуді талап етеді. Бұл туристік ұйымдарда маңызды басқару құралы болып табылатын нақты есепке алу жүйесін құруды және қолдануды анықтайды.

Бухгалтерлік есепте кәсіпорынның өндірістік, экономикалық және қаржылық көрсеткіштері туралы ақпарат қалыптастырылады. Бұл ақпарат оны өңдеу және талдаудан кейін басқару саласында тиімді шешім қабылдауға және туристік бизнестің кәсіпорынның қаржылық балансын сақтауға мүмкіндік береді. Бухгалтерлік есептің нысандарын, әдістер мен тәсілдерін дұрыс таңдау туристік бизнестің тиімділігін басқару және басқару үшін қажетті бөлімдерде экономикалық қызметті қамтуға және жүйелеуге мүмкіндік береді.

Туристік қызметтің кәсіпорындарында бухгалтерлік есеп мыналарды қамтиды:

- фирманың қаржылық жоспарын жасау;
- бастапқы есепке алуды ұйымдастыру;
- бухгалтерлік есепті жүргізу;
- есептерді дайындау;
- бюджет, несие және банк жүйелері және басқа ұйымдармен өзара қарым-қатынастар бойынша есептерді орындау;
- өндірістік шығындарды талдау және экономикалық қызметтің басқа аспектілері.

Өкінішке орай, қазіргі кезде туризмдегі бухгалтерлік есеп және бақылау жүйесі заманауи талаптарға сәйкес келмейді. Туризм кәсіпорнында есептік ақпаратты пайдалану көп зерттеулер мен шешулерді талап етеді.

Туристік фирмалардағы бухгалтерлік есептегі басты сұрақтардың бірі туристік өнімдердің өзіндік құнына шығындарды қосу және топтау жолдары болып табылады.

Туристік өнімнің өзіндік құны табиғи ресурстардың, шикізаттың, материалдардың, отынның, энергияның, негізгі құралдардың, өндіріс процесінде пайдаланылатын еңбек ресурстарының, сондай-ақ басқа шығындардың бағасы болып табылады [6].

Туристік қызмет саласындағы кәсіпорындарда есепті ұйымдастыруда басқару есебі де қолданылады. Өйткені ол тиімді шешімдер қабылдауға өз әсерін тигізеді. Басқарушылық есеп - бұл басшылықтың ұйымды жоспарлау, бағалау және бақылау үшін қолданатын қаржылық ақпараттарды түсіндіру, бағалау, жинақтау, талдау, түсіндіру мен ұсынуды дайындау процесі.

Туристік ұйымдарда басқару есебін ұйымдастыру келесі принциптерге негізделеді:

1. Менеджерлерге тиісті басқару шешімдерін қабылдау үшін қажетті ақпаратты ұсыну;
2. Жауапкершілік орталығы (менеджер өндірістік шығындардың орындылығы үшін жауап береді);
3. Баға қалыптастыру жүйесі туристік агенттіктің ішкі байланыстары арасындағы экономикалық байланыстарды ұйымдастыруды қамтамасыз етеді;
4. Өндірістік және қаржылық қызметті жоспарлау, талдау, өндірісті басқару, ұйымдастыру және басқарумен өзара байланысын қамтамасыз ету;
5. Шығындарды есепке алудың тиімділігі, яғни іс жүзіндегі шығыстарды бөлу және стандартты шығындар бойынша шығыстарды есепке алу;
6. Туристік өнімдер мен қызметтер құнына шығындарды енгізу негіздемесі [6].

Кәсіпорынның бастапқы бақылауын жүзеге асыру үшін таңдап алынған тәсілдер жиынтығы, құндық өлшемдері, ағымдағы топтастыруы және бухгалтерлік есептегі шаруашылық қызметіне жасалған қорытынды шолу фактілері кәсіпорынның есептік саясатында көрініс табуы тиіс. Басқаша айтқанда, есептік саясат – бұл бухгалтерлік есептің әдісін жүзеге асыратын негізгі тетігі болып саналады.

«Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» Заңның 6-бабы 2-тармағына сәйкес, «Есеп саясаты - бұл Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есеп туралы заңнама талаптарына, халықаралық және ұлттық стандарттарға, бухгалтерлік есеп шоттарының типтік жоспарына сәйкес олардың қажеттіліктері мен қызмет ерекшеліктеріне байланысты бухгалтерлік есепті жүргізу үшін және қаржылық есептілікті дайындау үшін ұйым қолдануға қабылданған нақты принциптер, негіздер, қағидалар, ережелер мен практика» деп қарастырылады [7]. «Есеп саясаты, бухгалтерлік бағалау мен қателіктердегі өзгерістер» IAS 8 (ҚЕХС/IAS8) Қаржылық есептіліктің халықаралық стандартына сәйкес, «Есеп саясаты-бұл қаржылық есепті дайындау мен ұсыну үшін ұйым қабылдаған нақты принциптер, негіздер, шарттар, ережелер мен практика» [8].

Туристік бизнестегі субъектілердің қалыптасқан шаруашылық жүргізу жағдайында бухгалтерлік есеп жүйесін нақты ұйымдастыру керек, қаржылық есеп берулерді пайдаланушыға уақытылы және шынайы жасап ұсынуы қажет, активтер мен тапсырмалар жағдайы туралы мәліметтерді уақытылы алуы тиіс.

Есептік саясатқа мыналар қарастырылуы керек:

- туристік бизнестегі олардың есептік ерекшеліктері;
- шоттардың жұмыс жоспары;
- шаруашылық операцияларын рәсімдеуге қолданылатын бастапқы құжаттардың формалары;
- түгендеуді жүргізу тәртібі және тауарлы-материалдық қорларды, мүлікті және тапсырмаларды бағалау әдістері;
- құжат айналымы тәртібі, есептік ақпараттарды өңдеу технологиясы және бухгалтерлік есепті ұйымдастыруға аса қажетті басқа шешімдер.

Дұрыс орындалған және рәсімделген есеп саясаты мүмкін болатын айыптардан (салық органдары, бюджеттен тыс қорлар) құтқарады, сонымен бірге залалдарды нақты төмендетуге рұқсат етіледі және бизнестің тиімділігі артады. Сондықтан, есеп саясаты басқарудың нақты құралы және жетекшінің атқарушы көмекшісі болып табылады. Есеп

саясатының концепциясын жүзеге асырумен бірге субъектілер қызметіне тәуелсіздік пен кеңдікті қамтамасыз ете отырып, ішкі пайдаланушылар мүддесіне қысым жасайды, оларды енгізу мүмкіндігін заңдастыруда жаңылады, әр түрлі есеп саясатын пайдалану өнеркәсіп қызметінің қорытындысы туралы мәліметтердің салыстыруын шығарады. Мүдделер балансы бұл жағдайда өнеркәсіп пайдасында бұзылды деп саналады.

Сонымен, қорыта келе, нарықтық экономиканы дамытудың заманауи шарттарында туристік кәсіпорында бухгалтерлік есептің дұрыс ұйымдастырылуы өте маңызды шаралардың бірі болып табылады. Нарықтық қатынастарды қалыптастыру жағдайында кәсіпорындардың шаруашылық қызметін қаржыландыруға шектеулер күшейтілді. Осыған байланысты сенімді және объективті есеп берудің маңыздылығы күрт артып келеді, өйткені оның көрсеткіштерін талдау кәсіпорынның нақты мүлкі мен қаржылық жағдайын анықтауға мүмкіндік береді. Сонымен бірге теориялық және іс жүзінде бухгалтерлік есепке алудың әр түрлі әдістерін қолдана отырып, бірдей экономикалық мәмілелерді бағалауға және толығымен әртүрлі тәсілдермен хабарлауға болатындығын түсіну қажет. Сондай-ақ есеп саясатын негіздеу және таңдау кезінде барынша жалпы танылған талаптар мен қағидалар басшылыққа алынып, оны сақтаған жағдайда кәсіпорын үшін шаруашылық жағдайына бейімделген есеп саясатын қалыптастыру мүмкіншілігін туғызатындығын байқауға болады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2018 жылғы 10 қаңтар «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» <http://www.akorda.kz>
2. Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы туристік қызмет туралы» Заңы 2001 жылғы 13 маусымдағы №211
3. Ердавлетов С. География туризма Казахстана. -Алматы: Экономика-2009.-138б.
4. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің статистика комитетінің ресми сайты: <http://stat.gov.kz>
5. «Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 28 ақпандағы № 192 қаулысы <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/>
6. Тажибаев С.Д., Таштанова Н.Н. Особенности формирования учетной политики туристской фирмы // Сборник Материалов Международной конференции Международного Казахско-Турецкого университета им.Ясави.-2009.-С.245-250
7. «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 28 ақпандағы N 234 Заңы
8. ХҚЕС 8 «Есеп саясаты, бухгалтерлік бағалау мен қателіктердегі өзгерістер» - www.mf.minfin.kz

УДК 657.1

ПУТИ УСОВЕРШЕНСТВОВАНИЯ УЧЕТА И АНАЛИЗА КАПИТАЛЬНЫХ ИНВЕСТИЦИЙ В УКРАИНЕ

Радевич Татьяна Владимировна

rys@ua.fm

Аспирант Высшего учебного заведения Укоопсоюза
«Полтавский университет экономики и торговли», Полтава, Украина
Научный руководитель –Ночевная Ю. А.

В условиях затяжного экономического кризиса функционирование национальных предприятий Украины требует разработки принципиально новых подходов к управлению